

Оралбаева Ж.З.
**Аудиттегі талдаудың
маңыздылығы**

Шаруашылықты жүргізудің қазіргі жағдайында кез келген ұйымның басты міндеті өзінің қолында бар қаржылық және басқа да ресурстарды пайда алу мақсатында тиімді қызметті жүзеге асыру үшін ұтымды пайдалану болып табылады. Дұрыс және тиімді шешімдер қабылдау үшін ең алдымен коммерциялық қызметтің тиімділігін жоғарылату резервтерін, пайданы ұлғайту, жоғалтуларды азайту факторларын анықтау маңызды болып табылады. Осы аталған факторларды ұйымның қаржылық жағдайының әлсіз жақтарын және оны жақсарту резервтерін анықтау мақсатымен қаржылық есептілікті бағалауды жүзеге асыратын қаржылық талдау орындайды. Сырттан аудиторлар тарту жүргізілетін талдау нәтижелерінің объективтілігіне қол жеткізуге мүмкіндіктер береді. Соңғы уақыттарда қаржылық талдауды жүргізу бойынша аудиторлардың қызметтері үлкен сұранысқа ие болып отыр. Ол ең алдымен, ұйым басшылығының ұйым қызметі туралы шынайы, объективті ақпараттар алуға деген ұмтылыстарымен байланысты. Сонымен, қаржылық талдауды аудитке ілеспе қызмет ретінде қарастыру қазіргі уақытта өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: аудит, талдау, қаржылық талдау, қаржылық есептілік, салыстыру.

Oralbaeva Zh.Z.
Analysis in audit

In the current economic conditions the main goal of any organization is efficient manner available financial and other resources for the implementation of effective activities that generate the desired result – a profit. At the same time managing the organization to make the right decisions and effective, it is important to determine the reserves growth efficiency of businesses, growth factors, profits, reduce losses. These and other objects performs financial analysis is an assessment of the financial statements in order to identify weaknesses in the financial position of the organization and improve its existing reserves. Outsourcing allows auditors to achieve greater objectivity of the results of the analysis. In recent years, services of auditors for the financial analysis are in high demand. First of all, it is connected with the desire of management to obtain reliable, objective, impartial assessment of the company. Thus, the study of financial analysis as audit-related services, is currently very topical.

Key words: Audit, analysis, financial analysis, financial statements, comparison.

Оралбаева Ж.З.
Анализ в аудите

В современных условиях хозяйствования главной задачей любого организация является умелое распоряжение имеющимися финансовыми и иными ресурсами для осуществления эффективной деятельности, приносящей желаемый результат – получение прибыли. При этом управляющим организации для принятия правильных и эффективных решений важно определить резервы роста эффективности коммерческой деятельности, факторы роста прибыли, сокращения потерь. Эти и другие задачи выполняет финансовый анализ, представляющий собой оценку финансовой отчетности с целью выявления слабых сторон в финансовом положении организации и имеющихся резервов его улучшения. Привлечение сторонних аудиторов позволяет достичь большей объективности результатов проводимого анализа. В последнее время услуги аудиторов по проведению финансового анализа пользуются большим спросом. Прежде всего, это связано с желанием руководства получить достоверную, объективную, беспристрастную оценку деятельности предприятия. Таким образом, изучение финансового анализа, как сопутствующей аудиту услуги, в настоящее время является весьма актуальным.

Ключевые слова: аудит, анализ, финансовый анализ, финансовая отчетность, сравнение.

АУДИТТЕГІ ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аудит жүргізу тәжірибесінің дамуында ұйымның әртүрлі серіктес топтарының (ұйым әкімшілігінің, ұйымның меншік иелерінің, акционерлерінің, инвесторларының) қызығушылықтарының бөлінуі үлкен орын алды.

Меншік иесі (инвестор) тұрғысынан аудиторлық тексерудің маңыздылығы ұйымның есеп саясатының елдегі заңдылықтарға сәйкестігі мен ұйымның қаржылық нәтижесінің шынайылығы туралы ақпараттар алу ғана емес, сонымен бірге инвестицияларды басқару бойынша шешімдер қабылдауды негіздеу үшін келесідей талдамалық ақпараттарды меңгеру үшін де қажет болады:

- ұйымның даму динамикасы (өсу, тұрақтылық, дағдарыс);
- ұйым капиталының құрылымы;
- ұйымның нарықтағы орны.

Аудит жүргізу нәтижесінде атқарушы әкімшілікке коммерциялық қызметтің тиімділігін жоғарылату резервтерін, табысты ұлғайту, шығыстарды азайту факторларын анықтау маңызды болып табылады. Қаржылық талдау аудиттің құрамдас бөлігі ретінде осы және басқа да сұрақтарға жауап береді. Сондықтан да, қабылданатын шешімдердің сапасы толығымен жүргізілген талдамалық негіздеулердің сапасына тәуелді деп айтуға болады.

Аудиттің даму эволюциясы аудиторлық ұйым қызметіндегі талдамалық қызметтер үлесінің өсуінің тұрақты тенденциясында көрінеді, бұл аудиттің сапасын жоғарылататыны сөзсіз. Қазіргі уақытта аудиттің маңызды міндеттерінің бірі – ұйым мамандарына бухгалтерлік есеп пен есептілікті дұрыс жүргізуге көмектер көрсету, басқару шешімдерін қабылдау кезінде экономикалық негіздеуді жоғарылату. Аудитор есепті жүргізу барысында кеткен қателіктерді ғана анықтауға ұмтылмай, сонымен қатар талдау жүргізген тұлғаның көзқарасы тұрғысынан есептегі жүйелілік ағаттықтарды табуға ұмтылуы керек.

Аудиттегі қаржылық талдау алға қойылған міндеттерге байланысты аудиторлық дәлелдемелерді алу құралы болап табылады.

Талдау қандай да бір құбылыстарды зерттеу әдісін сипаттайтын категория ретінде ғылымда да, сонымен бірге тәжірибелік қызметте де кеңінен қолданылады. Қаржылық талдау ұйымның қаржылық тетіктерін, оның оперативті және инвес-

тициялық қызметтері үшін қажетті қаржылық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану процестерін тану болып табылады.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – оңтайлы басқару шешімдерін таңдау үшін ұйымның қаржылық жағдайының маңызды байланыстары мен сипаттарын анықтау. Бұл мақсатқа ұйымның қаржылық жағдайының объективті және нақты көрінісін көрсететін бірқатар негізгі параметрлерді (неғұрлым нақты ақпараттар беретін), мәселен оның табыстары мен шығыстарының, активтері мен пассивтерінің құрамындағы, дебиторлары және кредиторларымен есеп айырысулардағы өзгерістерді алу жолымен қол жеткізіледі.

Ұйымның қаржысын басқарудың ең негізгі шарты оның қаржылық жағдайын талдау. Ұйымның қаржылық жағдайын оның қызметінің соңғы нәтижелерін көрсетеді. Ұйым қызметінің соңғы нәтижелері оның ішкі және сыртқы пайдаланушыларын қызықтырады. Бұл ұйымда қаржылық талдауды өткізудің маңыздылығын анықтайды.

Аудитордың тексеру жүргізудегі міндеттері оны жүргізудің ұйымдастырушылық, ақпараттық, техникалық және әдістемелік мүмкіндіктерін ескере отырып талдаудың мақсатын нақтылайды. Талдамалық міндеттер қатарына мысал ретінде келесілерді жатқызуға болады:

- баланс өтімділігін талдау;
- қаржылық жағдай мен төлем қабілеттілігі талдау;
- баланс баптарының құрылымын талдау;
- табыстарды факторлық талдау;
- табыстар көлемін, өндіріс пен шығындар көлемін оңтайландыруды талдау;
- ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін кешенді талдау.

Қаржылық талдауды жүргізу кезінде бухгалтерлік есеп, қаржы және несие, экономикалық теория, кәсіпкерлік құқық сияқты т.б. экономикалық пәндер бойынша білімдер пайдаланылады. Осы білімдер негізінде қаржылық талдау жүргізетін аудитор бухгалтердің қызметін тексереді, бірақ кері тәртіппен, яғни қаржылық есептілік нысандарындағы жалпыланған мәліметтерден қандай да бір шаруашылық операциясының мәнін түсінуге дейін. Аудитор ұйым менеджментінің мақсаты мен талдау міндеттеріне байланысты бастапқы деректерді талдамалық тұрғыдан оқи білу керек.

Қаржылық есептілікті талдамалық оқудың негізгі қағидасы дедуктивті әдіс (дедукция), яғни жалпыдан жекеге өту қағидасы болып та-

былады. Осы қағида талдау жүргізу барысында бірнеше рет қолданыс табады. Осындай талдау жұмыстарын жүргізу барысында шаруашылық оқиғаларының тарихи және логикалық тізбектілігі жаңғырады, олардың субъекті қызметінің нәтижесіне әсерінің бағыттылығы анықталады.

Егер талдаудың орындылық, нақтылық, салыстырмалылық, маңыздылық сияқты қажетті қағидалары сақталмаса талдамалық ақпараттардың басқару мақсаттары үшін пайдасы жоқ болады.

Орындылық және нақтылық – шешімдерді қабылдау үшін талдамалық ақпараттардың тиімділігін анықтайтын екі негізгі сапасы болып табылады. Ақпарат орынды болады, егер болжалды басқару шешімдерін растауға немесе теріске шығаруға қабілетті болса. Басқаша айтқанда қаржылық талдау қабылданатын шешімге әсерін тигізуі керек. Талдаудың құндылығы орындылық пен нақтылықтың маңызды аспектісі болып табылатын уақыттылығы. Ақпарат нақты болып табылады, егер ол шынайылық, толықтылық және бейтараптылық сияқты талаптарға жауап берсе.

Салыстырмалылық маңыздылық деңгейі бойынша орындылық пен нақтылық сияқты орын алады. Салыстыру – басқару шешімдерін қабылдау кезінде талдамалық қорытындылардың маңыздылық деңгейін жоғарылату үшін қолданылатын қаржылық талдаудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Талдаудың альтернативтілігі мәліметтерді өткен кезең көрсеткіштерімен, басқа ұйымдардың көрсеткіштерімен, жоспарлық немесе болжамдық көрсеткіштермен салыстыру нәтижелеріне тәуелді болатыны белгілі.

Маңыздылық талдамалық міндеттерді шешу үшін талдамалық есептеулердің құндылық деңгейін сипаттайды. Маңыздылық көптеген факторлардың жиынтығына, соның ішінде аудитордың талдауды жүргізу технологиясын меңгеру деңгейіне тәуелді. Тәжірибелі талдаушы сыртқы ақпараттар, жанама деректер (мәселен, ұйым мен оның серіктестерінің өзара қатынастары), өндірістің техникалық дайындығы туралы ақпараттар, сараптамашылардың ақпараттары сияқты қосымша талдамалық әдістерді кең түрде қолданады. Себебі, ұйымның қаржылық есептіліктерінде ұйымның кадрлары, маркетингтік шаралары туралы мәліметтер көрсетілмейді. Бірақ бұл ақпараттар аудиторға талдамалық міндеттерді шешу үшін көмектеседі.

Бірақ маңыздылықтың негізгі факторы субъектінің қаржылық есептілігін талдаудың ақпараттық базасы ретінде егжей-текжей талдау

жасау қабілеттілігі болып табылады. Мұндай ақпарат ғылыми негізделінген әдістеме бойынша қаржылық есептерге жүйелі түрде зерттеу жүргізу нәтижесінде алынуы мүмкін.

Талдау жүргізу алдында аудитор ең алдымен, оның мақсаты мен міндеттерін анықтауы керек. Содан кейін ол талдау бағдарламасын жасайды, онда келесідей сұрақтар міндетті түрде көрініс табуы керек:

- қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін оңтайлы талдау әдістерін таңдау;
- талдаудың ақпараттық базасын анықтау;
- ерекше өзгерістер анықталған жағдайда шешімдер қабылдау.

Әрбір аудитор тексеру жүргізу барысында әртүрлі талдамалық процедураларды қолданады. Растаушы мәліметтерді жинау талдамалық процедуралардың көмегімен жүзеге асырылады.

Талдамалық процедураларды қолданудағы негізгі мақсат – болашақта пайда болуы мүмкін тәуекелді (қауіпті) анықтауға мүмкіндік беретін ерекше фактілерді анықтау болып табылады. Олар бухгалтерлік жазуларды талдауды қарастырады.

Талдамалық процедураларды белгілі бір деңгейде әрбір аудитор қолданады. Қажетті дәлелдемелерді жинақтау талдамалық процедуралардың көмегімен жүзеге асырылады. Аудитор өз біліктілігі шеңберінде әрбір нақты жағдай үшін бақылау, салыстыру, сауалнама жүргізу, растау, тексеру сияқты өзге де процедуралардың көмегімен қаржылық есептілікте көрініс тапқан көрсеткіштердің шынайылығы туралы шешім қабылдау үшін талдамалық тәсілдерді пайдаланады. Талдау жүргізу нәтижесінде тексерілген есеп объектісінің нақтылығын бағалау қалыптасады. Осындай бағалау тікелей дәлелдемелер алуға бағытталған аудитордың басқа да аудиторлық процедураларды қолдану қажеттілігі туралы шешім қабылдауы үшін жанама дәлел болып саналады.

Талдамалық процедуралардың міндеттілігі халықаралық аудит стандарттарында қарастырылған. 520-шы Халықаралық аудит стандартына сәйкес талдамалық процедуралар – қаржылық мәліметтер мен қаржылық емес мәліметтердің өзара қатынастарын талдау арқылы қаржылық ақпаратқа баға беру болып табылады. Сонымен бірге, талдамалық процедураларға анықталған ауытқулар мен басқа сәйкес ақпаратқа сай келмейтін немесе елеулі сома арқылы күтілген көрсеткіштерден ерекшеленетін қатынастар себебімен қажетті болып табылатын зерттеу жатады.

Маңыздылығы бойынша талдамалық процедураларды жасау мақсатында деректер сенімді-

лігін анықтауда аудитор келесі мәселелерді қарастырады:

- қолжетімді ақпарат көздері. Мысалы, егер ақпарат субъектіден басқа тәуелсіз ақпарат көзінен алынса, сенімді болады;

- қолжетімді ақпараттардың салыстырылатындығы. Мысалы, салалық деректер арнайы өнім өндіретін және оны сататын субъектінің деректерімен салыстыру үшін толықтырылуы тиіс.

- қолжетімді ақпараттың сипаты мен қолайлылығы. Мысалы, қол жеткізу міндетті болып саналатын мақсатқа қарағанда күтілетін нәтижеден артық жасалған ба;

- Ақпаратты дайындауды бақылау.

Аудитор, маңыздылығы бойынша талдамалық процедураларды қолдану кезінде, субъектінің ақпаратты дайындау барысында, егер бар болса, бақылау құралдарын тестілеуді қарастырады. Мұндай бақылау құралдарының тиімділігі үшін аудитор ақпараттың сенімділігі мен маңыздылығы бойынша талдамалық процедуралардың нәтижесіне назар аударады. Қаржылық емес ақпаратты бақылауды басқа да бақылау тесттерімен бірге жүргізуге болады.

Талдамалық қорытындылардың сенімділігі жүргізілген талдаудың сапасына тәуелді және қажет болған жағдайларда қайта санау, растау, құжаттау сияқты басқа да талдамалық процедуралармен дәлелденеді.

Талдаудың ерекше маңыздылығы аудиторлық тексерудің бастапқы кезеңінде, яғни аудитті жүргізуді жоспарлау кезеңінде байқалады. Талдамалық процедуралар клиент қызметінің ерекшеліктерін анықтауға, аудиторлық тексерудің стратегиясын көрсетуге, аудиторлық тәуекелдің деңгейін бағалауға, қаржылық ақпараттарды қалыптастыру мәселелерін айқындауға мүмкіндіктер береді. Осы кезеңде нақты мәліметтерді тексеру тереңдігі және аудиттің алға қойылған міндеттерін тиімді шешу үшін қолданылатын процедуралар жоспарланады.

Аудиттелінетін субъектінің балансымен танысу – аудиторлық келісімшартты бекіту кезінде де, сонымен бірге аудиторлық тексеруді жүргізу кезінде де аудитор жұмысының міндетті кезеңі болып саналады. Қаржылық есептілікті шоғырландырған түрде бағалау аудит жүргізу процесінде дұрыс шешімді таңдау үшін аудиторға қажет болып табылады.

Клиенттің бизнесімен алдын ала танысу кезіндегі аудитордың талдамалық процедуралары келесідей типтік іс-әрекеттерге негізделеді:

- ағымдағы мәліметтерді өткен кезең мәліметтерімен салыстыру;

- ағымдық мәліметтерді жоспарлық мәліметтермен салыстыру;
- ағымдық мәліметтерді нормативтік (немесе оңтайлы) мәндермен салыстыру;
- ұйымның ағымдық мәліметтерін сала бойынша орташа мәліметтермен салыстыру;
- қаржылық коэффициенттерді қаржылық емес көрсеткіштермен салыстыру.

Талдамалық процедураларды қолданудағы мақсат – ұйым қызметіндегі және оның қаржылық есептілігіндегі әдетте болмайтын жағдайларды анықтау. Алдын ала шолу процедуралары тексерудің одан кейінгі кезеңдерінде де қолданыс табуы мүмкін. Талдаудың көмегімен аудитті жүргізу кезінде аудитор аудиторлық процедуралар санын қысқарту немесе көбейту қажеттілігін бағалайды. Егер талдау жүргізу нәтижесінде ерекше ауытқулар анықталмаса, онда маңызды қателердің болу ықтималдылығы төмен болады.

Клиенттің ағымдағы кезең бойынша жасалған есептілігі мен салыстыруға алынған өткен кезеңдердегі ақпараттардың арасында маңызды күтпеген айырмашылықтар болса, ол әдеттен тыс ауытқулар деп аталады. Осындай әдеттен тыс ауытқулардың болуының негізгі себептерінің бірі – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктегі әдейі жасалған және әдейі емес жасалған қателік болып табылады. Егер әдеттен тыс ауытқулар сомасы көп болса, онда аудитор олардың себептерін анықтауы керек.

Талдаудың ақпараттық базасы әртүрлі көздерден алынған ақпараттарды, соның ішінде қаржылық емес мәліметтерді (бұқаралық ақпарат құралдарының деректері, түсіндірме жазбалардағы мәліметтер, есеп саясаты, ұйымның өндірістік қуаттылығы, жұмысшыларының саны туралы мәліметтер және т.б.) қолдануға негізделген. Осы аталған қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді салыстыра алуы аудитордың біліктілік деңгейін сипаттайды.

Осы айтылған шараларды жүзеге асыру үшін қарапайым салыстырулардан бастап күрделі статистикалық әдістер қолданылатын кешенді талдауға дейінгі әртүрлі әдістер қолданылады. Талдамалық процедуралар қаржылық есептілікке, оның құрамдас бөліктерінің (мысалы, еншілес компаниялар, бөлімшелер немесе сегменттер) есептіліктеріне және қаржылық ақпараттың жекелеген элементтеріне қолданылады.

Қаржылық талдау аудиторлық тексерудің қорытынды кезеңінде тексеру жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтерді бағалау және аудиторлық есеп жасау үшін қажет.

Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық стандарт талаптарына сәйкес жүргізілуі қаржылық талдаудың жаңа әдістемелерін қолдану қажеттіліктерін тудырады. Қаржылық талдаудың жаңа әдістемелері іскерлік серіктестерді таңдауды негіздеу үшін, сонымен бірге ұйымның қаржылық тұрақтылық деңгейі мен кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін анықтау үшін қажет.

Іскерлік серіктестің қаржылық қызметі туралы ақпараттың негізгі көзі ашық түрде жарияланатын қаржылық есептілік болып табылады. Ұйымның қаржылық есептілігі қаржылық есеп мәліметтерін жалпылауға негізделеді және ұйымды қоғаммен және оның қызметі туралы ақпараттарды пайдаланатын іскерлік серіктестермен байланыстыратын ақпараттық звено болып саналады.

Талдау жүргізетін әрбір тұлға өзінің қызығушылықтарын қанағаттандыратын ақпараттарды зерттейді. Қаржылық есептілікті талдау оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпараттарды алу мақсатымен жүргізіледі, сондықтан да тереңдетілген талдау ұйым капиталын басқаратын әкімшілік және меншік иелері сияқты ішкі пайдаланушыларға арналған.

Аудитке ілеспе қызметтердің бірі болып табылатын қаржылық талдауды жүргізу алдында клиент пен аудитор келесідей жағдайларды алдын ала келісуі керек:

- қызметті орындауға жататын мақсат;
- талдау жүргізу көлемі;
- өткізуге арналған есептің үлгісі;
- қандай жағдайларда аудиторлық есеп жасалмауы мүмкін.

Аудитор келесідей талдамалық шолу процедураларын орындауы керек:

- ұйым қызметінің сипаты туралы ақпараттар алу;
- қаржылық есептілік қорытындыларын күтілген нәтижелермен салыстыру;
- есептік кезең бойынша жасалған қаржылық есептілікті өткен кезең есептілігімен салыстыру;
- қаржылық есептіліктің әртүрлі элементтерінің өзара байланыстарын және осы элементтердің қорытынды нәтижеге әсерін зерттеу.

Аудитор өз міндеттерін орындау кезінде ұйым қызметінің ерекшеліктерін ескеретін аудиторлық процедураларды да қолдануы керек. Белгілі бір логикалық жүйелілікке біріктірілген ерекше процедуралардың жиынтығы қаржылық талдауды жүргізудің әдістемесі деп аталады.

Жүргізілген талдау нәтижелері құжатпен рәсімделуі керек. Құжатпен рәсімдеу кезінде

бағалау нәтижелерін алу кезінде қолданылған әдістерге сілтемелер жасалуы тиіс. Егер аудитордың қаржылық талдау жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтері оның қаржылық есептіліктің нақтылығы туралы күдігін тудырса, онда ол талдаудың ақпараттық базасын өзгерту қажеттілігін дәлелдейді, ал ондай өзгерістерді жасау мүмкін болмаған жағдайда ол талдамалық қорытындылардың нақтылығы туралы кепілдік бермейді.

Сонымен, қаржылық талдау аудиттің құрамдас бөлігі ретінде коммерциялық қызметтің тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтауға мүмкіндіктер береді. Аудиттің талдамалық бағыттарын тереңдету қаржылық талдауды жүргізу бойынша клиенттерге көрсетілетін қызметтер санын көбейтіп ғана қоймай, сонымен қатар аудиторлық қызметтерді көрсету кезіндегі талдамалық процедуралардың рөлін жоғарылатуға әсер ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Шеремет А.Д., Суйц В.П. Аудит: учебник. – М.: ИНФРА-М, 2009, 448 с
- 2 Дюсембаев К.Ш. Аудит и анализ в системе управления финансами. – Алматы: Экономика, 2007, 293 с.
- 3 ХАС жинағы. – Алматы: 2009, 804 бет.

References

- 1 Sheremet A.D., Suis B.P. Audit: Ushebnik. – M: INFRA, 2009, 448 s.
- 2 Duisembaev K. Sh. Audit i analiz v sisteme upravlenie finansami. – Almaty: Economica, 2007, 293 s.
- 3 HAS zhinag. – Almaty: 2009, 804 s.